The background features a light beige, textured surface. It is adorned with various autumn-themed illustrations, including brown and gold leaves, some with delicate gold outlines, and a prominent gold brushstroke that forms a circular frame. The text is centered within this frame.

Қазак оюымен  
грек оюының  
айырмашылығы

Турлыбаева Жансая

Түркітанушы Мұрат Әджи оюлар түркі тектес халықтардың барлығына ортақ екенін алға тартады. Қазақтың ою-өрнектерінен «крест» пен төртбұрыш, өмір шиыршықтары анық көрініс тапқан.

*«Крест» ұғымының «қайқы қылыштан»* туындағанын өзінің еңбектерінде түсіндірген.



Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Әлкей Марғұлан да «қазақ халқы кілең ою-өрнек ортасында өмір сүреді» дейді.


Расымен де, бала кезден тұтынған бұйымдардан оюларды көріп өссек те, әрқайсысының өз мағынасы мен қолданылу ерекшеліктері бар екенін ойламайтынбыз. Бүгінде заманауи стильдегі киімдерден оюды байқағанымызбен, кейде орынсыз қолданылған, тек эстетикаға мән берген оюларды кездестіретініміз де бар.

Бұрын жазу, компас, сағат қолданылмайтын кезде ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізді.

Елімізге белгілі этнограф С.Қасиманов қазақ ою-өрнектері үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден, мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден, жер, су, көшіп-қону көріністерін; үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесін.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құмыралардың біразы геометриялық ою-өрнекпен, дәлірек айтсақ ирекпен өрнектелген.

Ал *неолит және қола дәуірінен* белгілі "ұлу" өрнегі қоғам таптық құрылысқа бөліне бастаған кезде бедерленген. Кейіннен киізге, текеметке, кілемге таңбаларды бейнелеген.





мүйіз



қосмүйіз



қышымүйіз



қазмойын



табан



өркем



өрмекші



ағаш



жапырақ



үшжапырақ



откізбе



шыршық



ғұл



жауқазын



шеңбер



шимай



төрткүлак



шұғыла



жұлдыз



айшық



бітпес



сүйір



ирек



төртгүл



балдақ





қармақ





тұмарша




шынжара



**Түйе табан** – түйенің басқан ізіндегі қос табаны сияқты дөңгеленіп келетін, S әріпі тәрізді күрделі өрнек. «Табақша өрнек» деп те аталады.




**Түйе өркеш** – түйенің қос өркешіне ұқсайтын өрнек. Әшекейленетін заттардың жиектеріне көбірек істетіледі.



**Қос қанатты** – құстың қос қанатын кең жайып ұшқан бейнесіне ұқсайтын өрнек.

**Гректер** - мата шетіне қарапайым оюлар салды, кейде бір түсті матаға аппликация тікті. Грек ою-өрнектерінің ішінде ең көп тараған – «пальмета», «моншак», «меандр», «толқын», «ионик» т.б. өрнек композициясы кеңінен қолданылды. Бұл ою-өрнектер халықтың тұрмыс жағдайына, қоршаған ортаға байланысты пайда болды. Мысалы, теңіздің толқындары ритімді қайталанып отырған бітпес оюларға ұласып отырса, теңіздің иірілімді жағалаулары – күрделі меандр өрнектері, пальма ағашының қабығына ұқсатып палмета ою-өрнектері жасалды. Киім түсіне қарай гректер ақ түсті сән үшін пайдаланды, ал шетіне ашық кеңінен пайдаланды. Көбіне матаны сары мен сарғыш реңкті түстерге, көк, қызыл, ашық-жасыл, қызғыш күлгін түстерге бояды. Қызғыш түсті бояуды (пурпур) теңіз моллюскаларынан алды, сондықтан мұндай түсті маталар өте қымбат болды.







НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ